

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының  
ШЖҚ "Екібастұз қаласының №3 емханасы" КМК

Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы №110 бұйрығы №9 хаттамасы

Екібастұз қ.

2024 жыл 30 мамыр

Комиссия құрамы:

**Комиссия төрағасы:**

Т.К.Кабылтаева -- басшы

**Комиссия мүшелері:**

К.М.Жанарбаева – бас медбике

Ж.Мадиярова – дәрі-дәрмек қоймасының медбикесі

**Хатшы:**

А.Н.Абдрахманова - сатып алу маманы

2024 жылғы 28 мамырда Екібастұз қаласы, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 42г мекенжайы бойынша 2023 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі өткізілді.  
Баға ұсыныстарын сұратумен сатып алуға қатысуға баға ұсынысын белгіленген мерзімде мынадай әлеуетті өнім берушілер ұсынды:

№	Жеткізушінің атауы	Өтінімді беру күні мен уақыты
1	«Sunmedica» ЖШС (Санмедика) Алматы қ.	24.05.2024ж. в 14 сағат 15 минут

Қағидалардың 75-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші мөрленген түрде бір ғана баға ұсынысын ұсынады.

**Сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар және бөлінген сомалар туралы ақпарат:**

Лот №	Атауы (препараттың халықаралық патенттелмеген атауы)	Сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін бағасы	Саны	Сатып алуға бөлінген сома
1	Трахеостомия түтігі	№4 трахеостомиялық түтік манжетсіз	Дана	10 000,00	12	120 000,00

**Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары:**

Лот №	Атауы (препараттың халықаралық патенттелмеген атауы)	Сипаттамасы	Баға ұсыныстары
-------	--	-------------	-----------------

			«Sunmedica» ЖШС (Санмедика) Алматы қ.
1	Трахеостомия түтігі	№4 трахеостомиялық түтік манжетсіз	9 000,00

Қағидалардың 78-тармағына сәйкес жеңімпаз деп танылсын:

№1 лот бойынша - «Sunmedica» ЖШС (Санмедика) Алматы қ., БСН 030340001599, Алматы қ., Гурилева көшесі, 106А үй.

Қағидалардың 80-тармағына сәйкес жеңімпаз сатып алудың тапсырыс берушісіне жеңімпаз деп танылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады:

1) Фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған (жіберілген) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжат түріндегі көшірмелері қоса беріледі. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.;

2) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, онда сатып алу жарияланған күннен кейін акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының көшірмесі ұсынылады);

5) "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер";

6) осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтындығы туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмесе).

Комиссия төрағасы:

Т.К.Кабылтаева

Комиссия мүшелері:

К.М.Жанарбаева  
Ж.Мадиярова

Хатшы:

А.Н.Абдрахманова